

ШЖҚ Облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы КМК «Сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбында ұйымдастырылған жиналыстың
хаттамасы

Ұжым жиналысының хаттамасы № 4

Тақырыбы: «Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының қағидаларымен талаптары және жалпы денсаулық сақтау саласындағы сыбайлас жемқорлық мәселесі жөнінде»

Өткізілген күні: 21.04.2025 жыл

Комплаенс офицер Ермектасов Р.Ж.
Қатысқандар: аурухана қызметкерлері

Күн тәртібі

1. «Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының қағидаларымен талаптары және жалпы денсаулық сақтау саласындағы сыбайлас жемқорлық мәселесі жөнінде».

Жауапты: комплаенс офицер Ермектасов Р.Ж.

Сөз алды: ШЖҚ Облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы КМК комплаенс офицер Ермектасов Р.Ж.- «Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының қағидаларымен талаптары және жалпы денсаулық сақтау саласындағы сыбайлас жемқорлық мәселесі жөнінде» атты тақырыпта баяндама оқыды.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және «Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңымен (бұдан әрі – Заң) Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Өзге құқықтық актілерге жататын, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы үлгілік ережені бекіту туралы» бұйрығы жатады (бұдан әрі – Үлгілік ереже). Осы бұйырықтың негізінде Кәсіпорында ішкі құқықтық құжаттама ретінде – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің ішкі үлгілік ережесі бекітілген. Осы Үлгілік ереженің 15 тармағында комплаенс қызметінің функциялары көзделген: келесі құжаттардың әзірленуін камтамасыз етеді: квазимемлекеттік сектор субъектісінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылының ішкі саясаты; квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық; квазимемлекеттік сектор субъектілеріне мүдделер қақтығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы

стандарт; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары; квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат; корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін регламенттейтін құжат. Осы Үлгілік ереженің аталмыш тармағының негізінде Кәсіпорында осы құжаттамалар бекітілген. Олардың талаптары әрбір қызметкерге тиісті және орындалуы міндетті болып табылады.




Сонымен қатар; жиналысқа қатысушылардың қатарында жүргізуші қызметкерлер болғанын ескере отырып, еңбек міндеттерін орындау барысында заң талаптарын сақтау мәселесіне ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 бұйрығымен бекітілген жол қозғалысы ережелерін сақтау мәселесі талқыланды. Осы орайда, Ереженің 6-бөлімінің 40-тармағына сәйкес, жедел және арнайы қызметтердің көлік құралдарының жүргізушілері көк және (немесе) қызыл түсті жарқылдауық маяк қосылған жағдайда, шұғыл қызметтік тапсырманы орындау кезінде, 5-бөлімнің (реттеушінің сигналдарынан басқа), 8-18 бөлімдерінің талаптарынан шегінуі мүмкін екені атап өтілді. Алайда, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-225/2020 бұйрығының 12-тармағына сәйкес, пациенттің орналасқан жеріне жету уақытының сақталуын ескере отырып, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету басты басымдық болып табылатынына ерекше көңіл бөлінді. Сондай-ақ, жиналысқа қатысушыларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру және сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне төзбеушілік қағидатын сақтау қажеттілігі туралы хабарланды.»

Шешімі:

1 ШЖҚ Облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы КМК .- «Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының қағидаларымен талаптары және жалпы денсаулық сақтау саласындағы сыбайлас жемқорлық мәселесі жөнінде» атты тақырыпта баяндамасымен танысып одан әрі жұмыс барысында қолдануға ат салысатын болады.

Комплаенс офицер _____ Ермектасов Р.Ж.

Жиналыс хаттамасымен танысу парағы 21.04.2025 жыл

№	ФИО	қызметкер атауы	қолы
1	Вайнова М.В.	гос. закупки	
2	Крымбасов А.А.	бухгалтер	
3	Мухомов Ч.Х.	бухгалтер	
4	Сармиев Т.Б.	бухгалтер	
5	Ибрахова И.Д.	делопроизвод.	
6	Хименова А.С.	бухгалтер	
7	Васильева Н.С.	бухгалтер	
8	Слабова Д.З.	бухгалтер	
9	Хименова А.С.	бухгалтер	
10	Юсупов С.М.	бухгалтер	
11	Хандов Н.	бухгалтер	
12			
13			
14			
15			
16			
17			
18			
19			
20			